

## МИФОЛОГИЯДАҒЫ «ӘЛЕМ АҒАШЫНЫҢ» ҮШ БӨЛІГІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫ

**Қуанышев Атабай**

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты,

[atabai\\_aral@inbox.ru](mailto:atabai_aral@inbox.ru)

Ғылыми жетекші - Ж.Ә.Аймұхамбет

Әлемдік мифологияның кейіпкерлері мифологиялық кеңістік санатына тән және олардың әрекеттеріне байланысты жоғары, орта және төменгі рухтар санатына жатады. Әрине, бұл әлемнің үш негізгі бөліміне байланысты, олардың өмірі, жарақаттары, сыртқы келбеті. Басқаша айтқанда, мифтік кейіпкерлердің бөлінуін кеңістіктік категория негізінде бастапқы сана өзі жіктейді. Осылайша, жаратылыстың үш деңгейге жіктелуі: 1. Аспан әлемі (жоғары кеңістік) 2. Жер әлемі (орта кеңістік) 3. Жер асты әлемі (төменгі кеңістік). Осынау үш кеңістіктің әрқайсында тіршілік бар және олар өздері өмір сүріп отырған ортаңғы әлемге делінеді. Мифтік баяндар бойынша жердің астында тіршілік бар, онда көп қауым мекен етеді. Ол жаққа күн сәулесі түспейді, сондықтан жарық жоқ, ауа тар. Ал Жоғарғы әлемде мекендеушілер керісінше күннің шуағы мол болғандықтан денелерінен жарқыраған сәуле төгіліп, нұр шашады.

Ертедегі адамдардың мифологиялық түсініктерінде осы үш әлемнің мекендеушілері жайында символдық түсінік орнықты. Олардың рухтары жер бетіне белгілі бір кейіпте келеді. Жоғарғы әлем тұрғындарының белгілері қанатты мақұлықтар мен құстар. Ортаңғы әлемде екі аяқты, төрт аяқты тіршілік иелері, соның ішінде, адамдар өмір сүреді, ал Жер асты мен су асты әлемі мекендеушілер - жылан, балық, тасбақа, бақа. Жоғарғы әлемді мекендеушілер жерге құс кейпінде, Төменгі әлемнің мекендеушілері жер үстіне жылан кейпінде келеді, ал өздерінің үйреншікті ортасында олар да адам бейнесінде жүреді. Кейінірек осы мифологиялық түсініктер құрамы буданды образдармен өзгереді: мифтер мен ертегілердегі құс - адам, қанатты адамдар, жылан - адам (нагалар), балық-адам (су перісі) пайда болды. Алайда, ежелгі қабатта тарихи түрде пайда болған этиологиялық мифтерден космогониялық мифтер, ғарыш ұғымы, рухтар ұғым барған сайын маңызды, рөлге ие болады.

Көне түсінік бойынша әлемнің орналасу моделі екі түрде қабылданады: Көлденең горизонтальді және тік вертикальды. Көлденең модельді әлем сайқын даланың төсімен, төрт құбылаға бөлініп беріледі. Мысалы Қорқыт пен Асан есімімен байланысты мифтер мен аңыздар адам баласының әлемнің төрт тарабы мен сегіз қиырын шарлауымен байланысты көлденең кеңістіктің сырын ашуға құрылған. Осы секілді Америка құрлығының байырғы тұрғындары – Майя, Ацтек халқының мифтерінде осы төрт тарапты әлем сипатталса керек. «Майя мифологиясында ғаламның төрт бұрышында төрт құдай аспанды жерге құлап кетпесін деп ұстап тұрады. Оларды тасбақа, игуана, опоссум және ұлу түрінде бейнелеген. Ғаламның өзі 13 аспаннан, 9 жер асты әлемінен тұрады, аспан құдайлары мен жер асты перілері өзара жау»[1;66] Ацтектерде бұл төрт құбыланы төрт Тецкатлипока басқарады екен.

Мифологиядағы үш әлемнің тіршілік иелері жайлы айту үшін алдымен әлем халықтары мифологиясындағы кеңістік ұғымын мен оның жоғарғы кеңістік аспан әлемі, төменгі кеңістік жер асты әлемін ашып алу керек. Ежелгі викингтер мифологиясында әлем алғашында бір тұтас шексіз кеңістік болған. Содан соң, ғаламның кіндігіне Иггдрасиль атты алып ағаш пайда болады. Кей деректерде ол өмір ағашы деп кездеседі. Ағаштың ұзын сонар бойы 9 әлемді біріктіріп тұрады, ал тармырлары жер асты әлемінің үш патшалығын алып жатыр деп түсіндірілген. Бірінші патшалық – отты қылышы бар дәу қорғайтын от пен жалын әлемі. Екіншісі – мәңгі мұз құрсауындағы аяз әлемі. Ал үшіншісі – құдайлар мен рухтар патшалығы. Өмір

ағашы Иггдрасильдің тамырларында Нидхёгг атты зұлым айдаһар (құрт) тіршілік етеді. Мифтік баяндарда ол ағаштың тамырларын түгелдей кеміріп біткенде ақырзаман орнайды делінген. Қазақ әдебиетіндегі Бәйтерек те байырғы түркі танымынан бері келе жатқан қасиетті күшке ие зәулім ағаш. Бәйтерек те жердің кіндігінен аспан әлеміне бой көтерген, оның бұтақтары – Құдайлар мен рухтар әлемін, дiңгегі – адамдар әлемін, тамырлары – жер асты әлемін алып жатыр. «Айталық, космос ағашы алып Бәйтеректің басы көкпен тіресіп тұрады, оның басына осы үш әлемді шарлай алатын Самұрық (алып кара құс) ұя салады, дiңінде ертегі батыры адам тұрақтаса, тамыры төменгі әлемге жалғасып, онда ажал иесі аждаһа жылан оралып жатады» [2].

Майя тайпасының арасында аңызға айналған жердің кіндігінен өсетін Сейба атты әлем ағашы жайлы аңыз болыпты. Әлем ағашы туралы Маялықтардың түсінігі түркілердің қасиетті ұғымға ие Бәйтерек ағашына ұсас. Сейба ағашының да құзар шыңын алып құстар мекендейді, дiңінде адамдар күнелтеді, тамырлары жер асты әлеміне таралған. Адамдар өлгеннен кейін олардың рухы осы екі әлемнің біріне баратыны айтылады. Маялық сенім бойынша тірі кезінде адамдар көп жақсылық жасаса олардың жаны аспан әлеміне, ал зұлым істері көп болса жер асты әлеміне түседі. «Майя мифтерінің жинағы «Попол-вух» Американың отарлануынан көп уақыт бұрын құрастырылған. Бізге дейін жеткен нұсқасы XVI ғ-да белгісіз үндістен жазылып алынған» (1;66). Географиялық тұрғыдан бір – біріне алыс орналасқан, ешқандай мәдени қатынасқа түспеген ежелгі викингтер мен Майя тайпасының, түркі хақтарының мифтеріндегі әлем ағашы туралы түсініктің ұқсастығы еріксіз ой салады. Осыдан адамның ойлауының, өзін қоршаған әлемді қабылдауының, қиялының ұлттық, халықтық, территориялық бөлініске тәуелді емес екенін байқаймыз.

Көрші қытай мифологиясында да үш әлемді байланыстырып тұрған алып ағаштың рухтармен байланысы болған: "Қытайда көптеген өсімдіктер табыну мен салттық ғибадат нысандары болды. Бұл әсіресе ескі қуатты ағаштарға қатысты. Олар ешқашан кесілмеген, тіпті оларда өмір сүрген рухтардың құрметіне құрбандық шалған" (3;58). Осындай ағаштардың бірегейі Цзяньму ағашы: "Мифтік өсімдіктердің ішінде Цзяньму деп аталатын ағаш ерекше орын алады. Ол аспан мен жердің орталығы деп есептелген Дугуан жазығында өсті. Ежелгі уақытта Цзяньму ағашының керемет биік дiңгегі аспан баспалдақтары ретінде қызмет еткен: әр түрлі жерлердегі рухтар аспанға көтеріліп, жерге түскен. Цзяньму ағашының тарихы көптеген архаикалық мәдениеттерге тән әлемдік ағаш туралы мифке сәйкес келеді: әлемдерді біріктіру функциясы, әлемнің орталығында орналасуы, әлемдік ағаштың қорғаныс, табиғаттағы тепе-теңдікті сақтау"(3;59). Қазақ мифтерінде де Мая және қытай халықтарындағыдай рух әлем ағашын бойлай жүреді екен: «Бәйтеректің дiңгегі арқылы жан жерге түсіп, не жерге шығып, әйелдің құрсағына қонады, сөйтіп жаңа өмір пайда болады. Жануарлар мен өсімдіктер де солай...» (4;265). Осы мифтерді салыстыра отырып әлем ағашы рухтың үш әлемді аралайтын жолы деген тұжырым жасалады.

Жапон мифологиясында да өздерінің қасиетті ағашы бар. Олар оны Сакаки деп атайды. Жапонияда шындық ағашы деп аталған алып ағаштың деңгейлерін әр түрлі рухтар мекендейді екен. Дәл осылай үш деңгейді біріктіріп ұстап тұрған «Әлем ағашы» көптеген халықтардың мифологиясында ұшырасады.

Әлемдік мифология бойынша хаостың космосқа айналуындағы басты шарт – жер мен аспанның жекеленіп пайда болуы, бөлініп шығуы. Және де әлемнің барлық халқында дерлік «топан су» мифі бар. Яғни, о бастағы, жалпы әлемдік хаос топан су түрінде бейнеленеді. Мысалы, египеттіктердің әпсанасында топан су – хаостан күн құдайы Хепри – Атум-Ра шығып, көз сәулесімен түнекті ыдыратып алғашқы құрлық биік төбе орнатқан. Ассирия – вавилондықтар хаосты Тиамат пен Апсу (екеуі де су) деп, Мардук Тиаматты өлтіріп, оның денесінен аспан мен жерді жаратты дейді. Қытай мифінде аспан мен жердің ажырауы он сегіз мың жылға созылған, оны жұмыртқаны (жеңілін – аспан қылып, ауырын – жер қылып) жарып

шыққан Пань-гу көтеріп тұрған. Яғни, қай халықтың да мифтік ойлау дүниесінде көк пен жер баста бір болып, кейіннен ажырап, тіршілік басталған. Ал, қазақ мифінде басқа халықтардан ерекше жері хаос ұғымы жоқ. Көк пен жер жаралып, жасалып қойған күйінде ұсынылады. Аспанда – тәңірі, төменде – қара жер, ортасында – адам. Бұл Орхон-Енисей жазбаларынан белгілі ұғым. Қазақ ұғымында барлығын жаратушы – көктегі тәңір. Ғарыш әлемінің ең өзегі – аспан дейтін болсақ, аспан ұғымы ежелгі наным бойынша жаратылыстың бастауы деген мағына берген. Немесе Көк Тәңір деген атау көк аспан деген ұғыммен синонимдес болды. Тәңірлік діннің кезінде аспан адамзат баласын, барлық дүниені жарылқаушы, жаратушы есебінде ұғынылып, қастер тұтылды, аспанға қарап бар үмітін, тілегін білдірді, аспанға сыйынды, өйткені Тәңірдің мекені аспан деп ойлады. Ш.Уәлиханов өз еңбегінде қазақтардың ежелгі түсінігі жөнінде мынадай ой айтады: «Аспанда да адамдар тұрады, олар белбеуді тамағынан буынады, біз әлемнің ортасында тұрамыз, сондықтан да белбеуді белімізден буынамыз, ал жер астында тұратындар (олардың да өздерінің күні, айы, жұлдыздары бар) белбеуді аяқтарына буынады. Аспанда тұратын қазақтардың арасында өте бай кемпір бар» [5, 21-б.]. Сонда ежелгі түсінік бойынша аспанда да қазақтар тұрады, олардың тұрмыс-тіршілігі өздеріне ұқсайды деп сенген. Аспан да – көк, су да – көк деп түстелген. Бірақ бір ерекшелігі зерттеушілердің айтуынша, «Қазақ тілінде «тәңір» деп көкті, «теңіз» деп суды айту тегін емес. Екеуінің түбірі (тең, тән) көк, аспан ұғымымен байланысты, демек «тәңір» - көктегі (яғни, жоғарыдағы) су болса, «теңіз» - жердегі (яғни, төмендегі) су». Басқаша айтқанда, аспанның өзі әуелде су деп түсінілген, оның «көк», «тәңір» деп айтылуы содан, ал жердегі су да түсі жағынан аспан, яғни тәңір сияқты көк болғандықтан, теңіз деп аталған. Екінші аспан мағынасында айтылған («з» – жұптылықтың белгісі) [5, 85-б.]

Төменгі әлем рухтары бұл үш деңгейлі әлемнің астыңғы қабатында тұратын бейнелер: жыландар, нага, аждаһа, жезтырнақтар, жындар, өлілер патшалығы, төменгі әлем бейлеушілері т.б. Ежелгі халықтардар түсінігі бойынша жоғарыда жақсы, төменде қатерлі рухтар менкендейді. Жоғарыда билік жүргізуші, жерге нұрын шашушы, жаратушылар әлемі болса, төменде қараңғы мен түнек қоршаған өлілер мекендейді. Қай халықтың дүниетанымын алсақ та, төменгі әлем жауыздар әлемі дегеннен қол үзбейді. Мысалы: «...шумерлер мен вавилондықтар мысырлықтармен салыстырғанда өлімнен кейінгі өмір туралы өте әлсіз түсінікке ие болды. Олар үшін төменгі әлем қараңғылық ошағы болды, онда кеткендер сананы сақтай отырып, сол әлемде билік еткен Құдайдың қатаң бақылауымен ғасырлар бойы қозғалыссыз жатуға мәжбүр болды" (5;9) – деу осы ойымызды нығайтты.

Көне мысырлықтар өлгеннен кейінгі өмірге сенген. Олардың түсінігінде адмдар өлген соң қамысты мекен «Иалу» аралына қайықпен аттанады. Иалуды құдыреті күшке ие рух – Анибус немесе өлілер әлесінің құдайы – Нефтида билейді. Римдіктерде өлілер әлемі мен жер асты Дит патшаға тиесілі. Грек мифологиясында жер астын төменгі рухтардың құдіреттісі Аид құдай билейді, ал Зевстің жеңілген жаулары титандар тасталған өлілер патшалығы Тартар одан да төменгі қабатта жатыр. Алтайды сан жылдар мекен еткен түркі халықтарының жүйелі (цельная), көркемделген көне аңыздарында: «Жоғарғы әлем – Қан (Құрбыстан, Тенгере). Жоғарғы әлемнің тозағы Манғыс-точири-там деп аталады. Бұл тозақтың бас әміршісі – Батпан-қара. Тоқсан тоғыз әлемнің ортаншысы – Эрзен Тенгере. Ортаншы әлемдегі жер – Алтын Шарқа, ал оның иелігіндегі тозақ – Тепкен-қара-там. Мұндағы тозақтың билеушісі – Батпан-Қарақшы. Біздер, адамдар өмір сүріп жатқан әлем тоқсан тоғыз әлемнің ең кішісі және ең төменгісі болып табылады. Ол Қара Тенгере (Қара Аспан) деп аталады. Оның әміршісі – Майтөре. Бұл әлемнің еншісіндегі тозақ Таптанқара- таш деп аталады. Тозақта Керей хан, яғни Жауыз билік етеді» (6;14-15).

Бұндай мифологиялық мәтіндер ежелгі дүниетанымдық түсініктерден туған. Мысырлықтар да, гректер де о дүние патшаларына арнап құрбандық шалды. Биздің жерімізді

мекен еткен байырғы сақ пен ғұн тайпаларында да қайтыс болған адамның құрал – саймандарын, қару - жарақтарын бірге көмген. Бұдан байырғы бабаларымыздың өлімнен кейінгі өмірге сенгендігін аңғарамыз. Түркілер өлген адамның рухы үйіне қайтыс болған күннің үшінші, жетінші, қыркыншы күні және соңғы рет бір жыл өткен соң келеді деп сенген. Осы күндері туыстары тамақ әзірлеп, өлген адамның рухы ана дүниеге өтті ме жоқ па дегенді анықтау үшін түрлі ғұрыптар жасаған. Кам жерлеу рәсімінде жіберілген қателіктерді түзеуге бола ма дегенді анықтап, өлген адамның рухы туыстарына ырза ма, жоқ па дегенді білуге талпыныс жасайды. Ежелгі замандарда түркілерде мынадай бір ғұрып болыпты. Егер ер кісі қайтыс болса, оның найзасын ұшын аспанға қаратып, үйдің ортасына тігеді. Шаңырақтан шығып тұрған найзаның ұшына ту байлаған. Өлген адам жас болса – қызыл, орта жастағы адам болса – қара, кәрі кісі болса – ақ ту. Осылайша, найза бір жыл бойы аза белгісін білдіріп тұрған. Көшкен кезде оны көштің басында, өлген кісінің атының алдында алып жүрген, (Аттың құйрығының төрттен бірін кесіп тастайтын болған). Түндікті ұзын таяқпен көтеруді жаман ырым санау сол кезден қалған. Түндікті таяқпен ашса, үйде бір адам өледі деп санаған. Осған ұқсас салт ежелгі әлем халықтарында кездеседі. Мәселен, Римдіктер дүниеден өткен адамның рухы жер асты әлемі құдайларының қатал сотынан өтеді. Содан соң Элизийге (жұмаққа) немесе Тартарға (тозаққа) жіберіледі деп сенген.

Осыдан кейін әрбір өліктің тілінің астына тиын салған, жер асты патшалығына жеткізетін тасымалшыға (Гермеске) төлейтін ақы сол деп білген» (7;52). Көп түрлі көне түркі мифологиясында да гректерге тән жұмақ пен тозақтың баламасы бар. Түркілердің Элизийі – Арун-Сюдун (жұмақ). Оған ару-немелер (әруақтар, ізгі адамдар, әулиелер) барады. Ал, Тартары – Тама (тамұқ – таму ). Оған қара-немелер (жаман адамдар) тасталады.

Қорытындылай келе, мақалада әлем халықтары оның ішінде қытай, мысыр, грек, ежелгі викигтер мен түркі халықтарының мифтік әңгімелерінің әлемдік мәдени кеңістіктегі орыны мен ерекшеліктеріне салыстырмалы түрде тоқталдық. Үш деңгейлі әлем мен оны байланыстырып тұрған киелі ағаштың әр халықта қалай бейнеленетіні. Жоғарғы, ортаңғы, төменгі әлемде тіршілік ететін рухтар туралы, өлгеннен кейінгі өмір жайлы түсініктің әлем халықтарына ортақ болуы. Адами түсінікте дүниенің жаратылуының үш деңгейлі жүйе ретінде қабылдануы, мәдени байланыстың орнығып отруы әлем халықтарының мифологиясын тығыз байланыстырады.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. «Әпсаналар» — книга автора [сост. Е. С. Иванова; қазақ тіліне аударған Қайырбек Шағыр]. Издано: (2012).
2. Қасқабасов С. Бәйтерек. Егемен Қазақстан. – 20 маусым. 2008ж.
3. Мифы древнего Китая / В. В. Ежов; [Предисл. и коммент. И.О. Родина]. — М.: ООО «Издательство Астрель»: 0 0 0 «Издательство АСТ», 2004 — 496 с: ил. — (Мифы народов мира).
4. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. - Астана, "Фолиант", 2011. Т. 78: Қазақ мифтері. - 448 бет.
5. Колум П. Название: Великие мифы народов мира Издательство: Центрполиграф Год: 2007 — 352 с.
6. Аймұхамбет Ж. (2017). ТҮРКІ МИФОЛОГИЯСЫ: ТИПОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТЫ, ОРТАҚ МОТИВТЕР ЖӘНЕ КЕЙІПКЕРЛЕР // TÜRK DÜNYASI, Dil ve Edebiyat Dergisi / TURKISH WORLD, Journal of Language and Literature Issue: 43 (Bahar-Spring 2017) - ISSN: 1301-0077 Ankara, TURKEY DOI Numarası/DOI Number: 10.24155/tdk. 2017.